

"Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігінің құрылымы, штат саны және Қазақстан Республикасы Президентінің қызметін қамтамасыз ететін органдар мен лауазымды адамдардың тізбесі туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1999 жылғы 24 наурыздағы N 89 Жарлығына өзгерістер енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы 2000 жылғы 12 мамыр N 391. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Президентінің 2002.02.11. N 806 жарлығымен. ~U020806

Қаулы етемін:

1. Қазақстан Республикасы Президентінің 1999 жылғы 24 наурыздағы N 89 U990089_ Жарлығының 1-тармағының бірінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын: "Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігінің штат саны 317 бірлік мөлшерінде белгіленсін".

2. Қазақстан Республикасы Президентінің 1999 жылғы 24 наурыздағы N 89

U990089_

Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігінің құрылымына Қазақстан Республикасы Қауіпсіздік кеңесінің Экономикалық қауіпсіздік мәселелері жөніндегі бөлімі енгізілсін.

3. Осы Жарлық қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Президенті

Оқығандар:

Қасымбеков Б.А.

Икебаева Ә.Ж.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК